

**“Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі” ММ-нің “Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі”
КММ педагогтеріне арналған семинар
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 06.11.2025 жыл

Қатысқаны: 60

Қатыспағаны: 2 (себепті)

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген “Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары”, “Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы “Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының орындалуын ұжымда түсіндіру.

Семинар барысында Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті “Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі” ММ-нің “Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі” КММ-не 2025 жылдың 28 қазан-3 қараша күндері жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде анықталған бұзушылықтардың басым бөлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген “Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары”, “Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы “Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының орындалуында төмендегідей кемшіліктер орын алған:

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 5.10-тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені, 2024-2025 оқу жылында “Жолда жүру ережелері” міндетті оқу курсының сағат сандары 4А (6 сағат) және 4 В (6 сағат) сыныптарда толық енгізілмеген.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 6.3-тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені, 2024-2025 оқу жылында 3 “Ә”, 4 “А”, 7 “А” сыныбында ағылшын тілі, информатика, 9 “А” сыныбында информатика пәні бойынша топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтамаған.

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 7.2-тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені, 2024-2025 оқу жылында 4 “А” класында 4-тоқсанында бір күнде 3 пәннен артық ТЖБ алынған (жаратылыстану, әдебиеттік оқу, математика- пән мұғалімі Г.Қалиева, орыс тілі - пән мұғалімі Ж.Икметуллаева), сонымен қатар, 9 “Ә” сыныбында 3-тоқсанында бір күнде 3 пәннен артық ТЖБ алынған (алгебра - пән мұғалімі А.Изтлеуова, Қазақстан тарихы - пән мұғалімі М.Көпжасар, қазақ тілі -пән мұғалімі А.Молдиманова, орыс тілі мен әдебиеті -пән мұғалімі А.Мухамбеткалиев). Аталған класта “Орыс тілі мен әдебиеті” пәні бойынша екі топтың ТЖБ күндері сәйкес келмейді. (1-топ 14.03 2-топ 17.03 алынған).

Осы кемшіліктерді жою, алдағы уақытта қайталанбауы мақсатында ұйымдастырылған семинар барысында педагогтерге bilimclass журналын толтыру келтіретін қиыншылықтар, қателіктер бойынша БЖБ, ТЖБ бағаларының қойылу мерзіміне, оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайтындығы, ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейтіндігі, бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейтіндігі және “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде егер сыныпта ерекше білім алуға қажеттілігі бар оқушы білім алса, топқа бөлінуде бастауыш буында осы бұйрықтың 3-тарауы 31-тармағына сәйкес, инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша (орыс тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық) орта буында 3-тарау 44-тармақшаға сәйкес, инклюзивті білім беру шеңберінде 44-тармақта көрсетілген пәндер бойынша (орыс тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық және информатика) сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылатындығы түсіндіріліп, әдістемелік көмектер ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтерге күнделікті қолдануға

<https://topiq.kz/> порталына сілтемелер берілді. Семинар фотолары
қоса жалғанады.



Мектеп директоры:
Хатшы:



Г.К.Есентаева
Ж.Ибрагимова